



ДЕНСАУЛЫҚ

НЕФРОЛОГИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚТЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Облыс әкімі Берік Уәли Семей қаласында орналасқан «BB Nura» нефрологиялық орталығына барып, медициналық мекеменің қызметімен танысты.



Аталған орталық облыс тұрғындарына нефрологиялық көмектің толық циклін көрсетеді. Мұнда тәулік бойы жұмыс істейтін 24 төсектік стационар, 40 орындық амбулаториялық диализ бөлімі, сондай-ақ ересектер мен балаларға арналған консультациялық-диагностикалық қызметтер қарастырылған. Орталық созылмалы бүйрек ауруына шалдыққан пациенттерге тәулік бойы және күндізгі стационар жағдайында кешенді медициналық көмек көрсетеді.

Қарағайлы қышам ауданында орналасқан нысан жеке инвестордың қаражатына салынып, өткен жылдың қазан айында пайдалануға берілді.

Жобаның жалпы инвестициялық құны 1,5 млрд теңгені құрайды. Нефрологиялық орталықта 40 тұрақты жұмыс орны ашылған.

Бұл орталық бүйрек ауруына шалдыққан науқастар үшін өте ыңғайлы. Пациенттер осында нефрологтің консультациясын алып, қажет болған жағдайда, тәуліктік немесе күндізгі стационарға жатып, диализ емін қабылдай алады. Қазіргі уақытта Абай облысында 137 адам тұрақты диализ емін алып жүр. Оның ішінде 100 пациент Семей қаласында емделуде. Біз осы аурудың алдын алу бағытында бар күш-жігерімізді жұмсап, жүйелі түрде жұмыс істейміз, – дейді нефрологиялық орталықтың өңірлік директоры Индира Өзімбаева.


Орталықтың Аягөз және Ұржар аудандарында бөлімшелері жұмыс істейді. Жақын уақытта Бородулиха ауданында тағы бір филиал ашу жоспарланып отыр.

Аймақ басшысы орталықты аралап көріп, дәрігерлермен пікір алмасты. Жаңадан салынған медициналық мекеменің өңір тұрғындары үшін маңызы зор екенін атап өтті.

Облыста медициналық нысандардың саны жыл сайын артып келеді. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында өңірде 60-тан астам алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысаны салынды. Солардың қатарын Семей қаласындағы «BB Nura» нефрологиялық орталығы толықтырып отыр. Медициналық мекеме заманауи талаптарға сай жабдықталған. Мұнда соңғы үлгідегі диагностикалық және емдеу құралдары қолданылады, бұл тұрғындарға сапалы әрі тиімді медициналық қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады, – деді облыс әкімі.

Өңірде денсаулық сақтау саласының инфрақұрылымын нығайту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Арнайы мемлекеттік қордан бөлінген қаражат есебінен Семей қаласында 100 орындық психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекеменің құрылысы аяқталды. Ұржар ауданында тері-коронарлық апаласу орталығына қосымша ғимарат, ал Аягөз ауданында магнитті-резонанстық томографқа арналған ғимарат салынууда. Өткен жылы ана мен бала денсаулығын қолдау мақсатында «Салауатты ана» пансионаты ашылды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Семей қаласында 300 орындық облыстық көпсалалы клиникалық аурухана салуға арналған жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі



БІЛІМ

Аймақ басшысы Берік Уәли Семей қаласындағы облыстық Дарынды балаларға арналған «Білім-Инновация» лицейінде болды. Өңірдің жетекші білім беру ұйымдарының бірі саналатын мекеменің тыныс-тіршілігімен, оқу үдерісімен, техникалық базасымен танысып, өзекті мәселелеріне назар аударды. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН БА?



Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semei tanu»

Лицей орналасқан ғимарат 1984 жылы балабақша ретінде салынған, білім ордасы 1994 жылы құрылған. Қазіргі таңда мұнда 222 оқушы білім алып жатыр, 31 мұғалім еңбек етеді.

Оқу орны білім сапасының тұрақтылығын нақты жетістіктерімен дәлелдеп келеді. «Білім-Инновация» лицейі жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қорытындысы нәтижесінде «100 үздік олимпиадалық мектеп» тізіміне енді. Сонымен қатар «Үздік ұйым – 2025» облыстық конкурсының жеңімпазы атанып, 30 миллион теңге көлеміндегі грантқа ие болды.

Айта кету керек, лицей 2011 жылдан бері облыстың үздік олимпиадалық командасы мәртебесін тұрақты түрде сақтап келеді. Бұл білім беру қызметінің жүйелі әрі нәтижелі ұйымдастырылғанын көрсетеді.

Мектеп интернат үлгісінде жұмыс істейді. Оқушылардың зияткерлік дамуына және жан-жақты қалыптасуына барлық қажетті жағдай жасалған.

Сонымен бірге оқу орнында шешуді қажет ететін мәселелер де бар. Лицей директоры Серік Айдарбеков аймақ басшысына материалдық-техникалық базаның ескіргенін, оқу кабинеттерінің тарлығын атап өтіп, жаңа ғимарат салу туралы ұсынысын жеткізді.

Аймақ басшысы оқу кабинеттері мен спорт залын аралап, оқушылармен және педагогтармен тілдесті. Берік Уәлиұлы лицейдің білім беру сапасына, оқушылардың жетістіктеріне жоғары баға беріп, мектептегі мәселелер назардан тыс қалмайтынын айтты.

Семейдегі «Білім-Инновация» лицейі – өңірімізде дарынды балаларды анықтап, олардың әлеуетін дамытуда маңызды рөл атқарып отырған білім беру ұйымы. Сіздердің жетістіктеріңізден хабардармыз. Мұндағы өзекті мәселелерді де жақсы білемін. Сол үшін де жағдайды өз көзіммен көрейін деп арнайы келдім. Жаңа ғимараттың жобалық-сметалық құжаттамасы дайын. Оны Үкіметке ұсынып, қаржы бөлу мәселесін көтереміз, – деді облыс әкімі.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Еліміз үшін ауыл шаруашылығы – экономиканың маңызды саласы, сонымен қатар ұлттық қауіпсіздіктің, азық-түліктің тәуелсіздігінің, әлеуметтік тұрақтылықтың негізі. Мемлекет басшысы соңғы жылдары агроөнеркәсіп саласын жаңғыртуға ерекше назар аударып келеді.

АГРАРЛЫҚ САЛАДА СЕРПІН БАР



Анар АХМЕТҚАЛИЕВА, «Semei tanu»

Абай облысы ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Ертай Қуанбаевтың айтуынша, 2025 жыл Абай өңірінің ауыл шаруашылығы үшін табысты жыл болды. Жыл қорытындысы бойынша, жалпы өнім көлемі 585 миллиард теңгеге жетіп, нақты көлем индексі 101,1 пайызды құрады. Ең бастысы, өткен жылмен салыстырғанда өндіріс көлемі 26 пайызға артқан.

Президент тапсырмасына сәйкес егіс алқаптарын әртарапандыру жұмысы жүргізілді. Бидай алқабы 12 мың гектарға қысқарып, майлы дақылдар алаңы 43 мың гектарға ұлғайды. Майлы дақылдар экспорттық әлеуетті арттыру қана қоймай, ішкі өңдеу саласының дамуына жол ашады. Осы бағытта Мақаншы және Ұржар аудандарында жалпы құны 8,5 млрд теңгені құрайтын екі өңдеу зауыты іске қосылды. Бұл кәсіпорындар ауылдағы шикізатты сол жерде өңдеп, жаңа жұмыс орындарын ашуға, салық базасын кеңейтуге, жергілікті экономиканы тірілтуге мүмкіндік беріп отыр, – дейді Ертай Қуанбаев.

Бүгінде ел көлемінде агросаланы қолдау тетіктері жаңарып келеді. Техника паркін жаңарту, жеңілдетілген несиелер, субсидиялау жүйесін оңтайландыру, суармалы жер көлемін ұлғайту, цифрландыру – мұның бәрі ауылды заман талабына сай бейімдеуге бағытталған. Бұл үрдістер Абай облысында да нақты

іске асуда. Шаруалар жаңа технологияға бет бұрып, еңбек өнімділігін арттырып келеді. Жұмыс бар жерде өмір бар, тұрақтылық бар.

Абай облысы ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Ертай Қуанбаевтың айтуынша, аталған көрсеткіштерге жоспарлы жұмыстың, инвестиция тартудың және мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде қол жеткізіліп отыр. Ал 2026 жылы өңірде агроөңдеуді тереңдету, логистика мен сақтау инфрақұрылымын дамыту, фермерлерді қолдаудың тиімді тетіктерін күшейту көзделіп отыр. Бұл бағыттар мемлекеттің аграрлық саясатымен толық үндесіп жатыр.

Қазіргі геосаяси ахуал, әлемдік нарықтағы тұрақсыздық жағдайында азық-түлік қауіпсіздігі әр мемлекеттің басты стратегиялық мәселесіне айналды. Қазақстан үшін бұл – ауылды сақтап қалу, жерді тиімді пайдалану, еңбек адамының қадірін арттыру деген сөз. Абай өңіріндегі биылғы нәтижелер – осы ұлттық мүдденің нақты іске асып жатқанын көрсетеді.

Ауыл – ұлттың тамыры. Тамыр өлсіресе, ел әлсірейді. Ал тамыр қуатты болса, мемлекеттің болашағы нық болады. 2025 жылғы Абай облысының ауыл шаруашылығындағы өсім – құрғақ есеп емес, елдің ертеңіне жасалған инвестиция. Ендігі міндет – осы қарқынды сақтап, ауылды экономиканың ғана емес, руханият пен тұрақтылықтың тірегіне айналдыру.

35 ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАН ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНДЫ

Кеше облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен кеңейтілген аппараттық кеңес өтті. Жиында 2026 жылға арналған құрылыс жоспарлары мен облыс аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштердің жай-күйі және оларды қорғау шаралары қаралды. Кеңеске облыстық басқарма басшылары, өңірлік департамент жетекшілері қатысты. Аудан және қала әкімдері бейнережимде қосылды.

Еркежан ҚАЙСА, «Semei tanu»

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша облыстық құрылыс басқармасының басшысы Бекжан Бапышев баяндама жасады.

Бекжан Бапышевтың мәліметіне сүйенсек, 2025 жылдың қорытындысы бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 354 млрд теңгені құраған. 2026 жылға арналған құрылыс жұмыстарының күтілетін көлемі – 379 млрд теңге. Қазіргі таңда облыста бюджет қаражаты есебінен 35 әлеуметтік нысанның құрылысы жалғасуда. Сонымен қатар off-take келісім аясында бірнеше білім, спорт және мәдениет нысандары салынып жатыр. 2025 жылы Семей қаласының Қарағайлы тұрғын ауданында 13 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы аяқталды. Қазіргі таңда «Абайға құрмет» акциясы аясында 16 жоба әзірленуде. Атап айтқанда, Достық үйі, көрме орталығы, Келешек мектебі, үстел теннис орталығы, шығармашылық және медиа орталықтары, Ертіс өзенінің сол жағалауын абаттандыру, Жекпе-жек сарайы, Рәміздер алаңы, «Анаға тағзым» кешені, мешіт, стадион, ботаникалық парк, «Абай әлемі», руханият орталығы, желілік парк және қоғамдық кеңістігі бар мәдениет үйі жобалары қамтылған.

Аймақ басшысы жиында салаға жауапты орынбасары мен құрылыс басқармасына қала және аудан әкімдерімен бірлесіп, барлық әлеуметтік нысандардың құрылысы мен off-take келісім аясындағы жобаларды белгіленген мерзімде аяқтауды, 2026 жылға жоспарланған тұрғын үйді пайдалануға беру мен әлеуметтік осал топтарға арналған жалдамалы пәтерлерді уақтылы қамтамасыз етуді тапсырды.

2026 жыл облысымыз үшін инфрақұрылымдық даму мен құрылыс саласында жаңа белестерге жол ашатын маңызды кезең болмақ. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру, тұрғындардың өмір сапасын жақсарту және заманауи талаптарға сай инфрақұрылым қалыптастыру басты басымдықтардың қатарында. Осы мақсатта тұрғын үй құрылысы, әлеуметтік нысандар салу және инженерлік желілерді жаңғырту бағытында ауқымды жобаларды іске асыру жоспарланып отыр. 2026 жылға арналған құрылыс жоспарлары облыстың тұрақты дамуын қамтамасыз етіп, халықтың сұранысына сай қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға бағыталады, – деді облыс әкімі.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе – облыс аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштердің жай-күйі туралы мәдениет,



тілдерді дамыту және архив істері басқармасының басшысы Жанжігіт Омархан баяндады.

Бүгінде Абай облысының мемлекеттік тізіміне 417 тарихи-мәдени ескерткіш енгізілген. Оның 404-і – жергілікті, 13-і – республикалық маңызы бар нысандар. Ескерткіштер қала құрылысы мен сәулет, монументалды өнер, археология, сакралды және кешенді ансамбльдер санаттарын қамтиды. 2025 жылы тарихи-мәдени мұраны қорғау мәселелері бойынша облыстық комиссияның 6 отырысы өткізіліп, бірқатар нысанды алдын ала есепке алу, мемлекеттік тізімге енгізу және ғылыми-реставрациялық жұмыстарды бекіту жөнінде шешімдер қабылданды. Облыста бірнеше маңызды ғылыми-реставрациялық жоба жүзеге асырылды. Семей қаласындағы бұрынғы көпес Мусиннің диірмені ғимараты Рапа Unique Semeу қонақ үй кешені ретінде жаңғыртылып, пайдалануға берілді. Сонымен қатар В.Чернышевский атындағы №1 мектеп, Губернатор үйі, қос мұнарлы мешіт, көпес Сахно үйі және Ф.Достоевский атындағы әдеби-мемориалдық музей ғимараттарында қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Кейбіріне жаңғырту жұмысы жалғасуда. Археология саласында Ақсуат ауданындағы Елеке Сазы алқабында қазба жұмыстары қолға алынып, ерте темір дәуіріне жататын бірқатар құнды артефакт табылып, музей қорына тапсырылды. Аймақ басшысы жиында құнды жәдігерлердің көшірмелерін музейлерге орналастыру, археологиялық зерттеулерді жүйелі жалғастыру, сондай-ақ, тұрғындар арасында тарихи мұраны қорғауға қатысты түсіндіру жұмыстарын күшейтуге байланысты нақты тапсырмалар берді.

«Облыс аумағында орналасқан тарихи-мәдени ескерткіштер – халықтың рухани мұрасын, ұлттың тарихи мен мәдени дамуын айқындайтын аса маңызды құндылықтар. Аймақтың туристік әлеуетін арттыруға, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін маңызды факторлардың бірі екені сөзсіз. Сондықтан олардың сақталуын тұрақты түрде бақылау, техникалық жай-күйін бағалап, ғылыми негізде қалпына келтіру – біздің ортақ міндетіміз», – деді облыс әкімі.



АБАЙ

ҰСТАЗДАРҒА ҚҰРМЕТ

Абай ауданындағы Шәкерім атындағы орта мектепте 40 жылға жуық уақыт бойы шәкірттерге тәлім-тәрбие берген ерлі-зайыпты ардагер ұстаздар – Махмұт Жұманбаев пен Гауһар Жұмақсанованың құрметіне кабинет ашылды.

География кабинетінің ашылу салтанатына аудан басшысы Мейіржан Смағұлов қатысып, оқушылар мен ұстаздарды құттықтады. Аудан әкімі білім саласына сүбелі үлес қосқан ұстаздардың еңбек жолына тоқталып, кабинеттің ашылуына демеушілік жасаған ұрпақтарына, туыстары мен шәкірттеріне алғыс білдірді.

Ардагер ұстаздардың ұрпақтары кабинетті толық жаңғыртудан өткізіп берді. Ал шәкірттері ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізбек.

«ХАЛЫҚ БУХГАЛТЕРІ» АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСУДА

ҚР Қаржы министрлігінің бастамасымен 2026 жылғы 5 қаңтардан бері еліміздің барлық өңірлерінде жеке кәсіпкерлер мен шағын бизнес субъектілеріне арналған «Халық бухгалтері» акциясы өтуде.

Акцияның негізгі мақсаты - салық төлеушілерге бухгалтерлік есеп, салық есептілігі және ақпараттық жүйелерде жұмыс істеу мәселелері бойынша практикалық кеңестер беру, сондай-ақ салықтық міндеттемелерді дұрыс орындауға жәрдемдесу. Кеңес беру жұмыстары негізінен офлайн форматта, аудандардағы және Семей қаласындағы Мемлекеттік кірістер басқармаларының ғимараттарында ұйымдастырылуда.

2026 жылғы қаңтар – ақпан айларында консультациялар аптасына үш рет: дүйсенбі, сәрсенбі және жұма күндері сағат 10:00-ден 13:00-ге дейін, ал наурыз айынан бастап аптасына екі рет өткізіледі.

Акция басталғалы бері 488 салық төлеушіге көмек көрсетіліп, 783 сұраққа жауап берілді. Акция 30 маусымға дейін жалғасады.

БЕСҚАРАҒАЙ МӘДЕНИЕТ НЫСАНДАРЫ САЛЫНУДА

Бесқарағай ауданының Беген, Глуховка және Ерназар ауылдарында 100 орындық мәдениет үйлерінің құрылысы жүргізілуде.

Қазіргі күні Бесқарағай ауданында 1 мәдениет үйі, 10 ауылдық клуб, 1 орталық кітапхана және 19 ауыл кітапханасы тұрғындарға тұрақты қызмет көрсетіп отыр. Аудандық Мәдениет үйі жанында «Бесқарағай үні» ұлттық аспаптар ансамблі, «Экситон» халық би ансамблі, «Чародей» үлгілік би ансамблі және халық театры жұмыс істейді.

Аталған ауылдардағы нысандардың құрылысы биыл аяқталып, қолданысқа берілімек.

ЖАРМА

ВОЛЕЙБОЛ ТУРНИРИ

Қалбатау ауылында 40 жастан асқан азаматтар арасында волейболдан ашық турнир өтті.

Турнирдің ашылу салтанатына Жарма ауданы әкімінің аппарат басшысы Қанат Шаймұратов, ардагер спортшы, тір спортынан, арқан тартыстан Жарма ауданының жаттықтырушысы Дәулет Мұхтарханұлы қатысып, спортшыларға сәттілік тіледі.

Тартысты өткен жарыс нәтижесі бойынша, бірінші орынды Семей қаласының командасы жеңіп алды. Екінші орынды Шар қаласының спортшылары иеленсе, үшінші орынды Жаңаөзен ауылының волейболшылары еншіледі.

«ҚҰҚЫҚТЫҚ ДӘРІХАНА»

Қалбатау ауылында «Заң және тәртіп» жобасы аясында «Құқықтық дәріхана» акциясы өтті.

Халықтың құқықтық мәдениетін көтеру, құқық бұзушылықтардың алдын алу және құқықтық көмек көрсету мақсатында ұйымдастырылған акция барысында аудан тұрғындары еңбек, отбасы, тұрғын үй, әлеуметтік қолдау мәселелері және өзге де өздерін қызықтырған сұрақтары бойынша кәсіби мамандардан құқықтық кеңестер алды.

Акцияға қатысушыларға қолданыстағы заңнама нормалары түсіндіріліп, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөнінде ұсынымдар берілді.

Мамандардың айтуынша, «Заң мен тәртіп» жобасы шеңберінде өткен шара халық пен заң өкілдері арасындағы байланысты нығайтып, құқықтық сауаттылықты арттыруға ықпал етеді.

КӨКПЕКТІ

АСЫҚ АТУДАН ЖАРЫСТЫ

Көкпекті ауданында Ақой ауылындағы А.С. Пушкин атындағы орта мектеп ұжымының ұйымдастыруымен асық атудан аудандық ашық турнир өтті. Әскелең ұрпақты ұлттық құндылықтар рухында тәрбиелеу, оқушылардың асық ойынына қызығушылығын арттыру және спорттық шеберліктерін шыңдау мақсатын көздеген турнирдің ашылу салтанатына аудандық білім бөлімінің басшысы Ринат Араратұлы, мектеп директоры Серік Тұрсынғазыұлы қатысып, командаларға сәттілік тіледі.

Жарысқа 8 команда қатысып, бақ сынады. Нәтижесінде 5-6 сыныптар арасында I орынды Жансүгіров атындағы орта мектебі, II орынды А.С. Пушкин атындағы орта мектебі, III орынды Романовка негізгі мектебі командалары жеңіп алды. Ал 7-8 сыныптар арасында I орынды А.С.Пушкин атындағы орта мектебі иеленсе, II орын Преображенка орта мектебіне, III орын Үлкенбекен орта мектебіне бұйырды. 9-11 сыныптар арасында I орынға А.С. Пушкин атындағы орта мектебі, II орынға I. Жансүгіров атындағы орта мектебі, III орынға Үлкенбекен орта мектебі командасы лайық деп танылды.

«СТ» - ақпарат

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ АЯСЫНДА

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Turkistan» газетіне берген ауқымды сұхбаты – ел дамуының жаңа кезеңіне нақты бағдар берген терең мазмұнды саяси құжат деуге болады. Мемлекет басшысы сұхбатында қоғамды толғандырып отырған ең өзекті мәселелерге тоқталып, әділдік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық қағида-дәттарына негізделген жаңғыру жолын айқын көрсетіп берді. Бұл – әсіресе білім беру мен денсаулық сақтау саласы үшін аса маңызды бағыттар.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МҮМКІНДІКТЕР

Президенттің цифрландыру мен жасанды интеллекттің Қазақстанның даму жолындағы басым бағыт ретінде айқындауы жоғары оқу орындарына үлкен жауапкершілік жүктейді. Медициналық білім беру мен ғылым саласында заманауи технологияларды енгізу, сапалы кадр даярлау, адал еңбек пен кәсіби этиканы қалыптастыру – бүгінгі күннің басты талабы.

Сұхбаттағы денсаулық сақтау саласына қатысты айтылған ойлар да ерекше назар аудартады. Әлеуметтік әділдік, медициналық қызметтің сапасы мен қолжетімділігі, цифрландыру және алаяқтықтың алдын алу мәселелері – саланың болашағын айқындайтын маңызды бағыттар.

Семей медицина университеті ұжымы Мемлекет басшысы белгілеген стратегиялық міндеттерді толығымен қолдайды. Бәсекеге қабілетті, жауапкершілігі жоғары, отаншыл медицина кадрларын даярлау – Семей медицина университетінің басты міндеті. Университетте Цифрландыру және жасанды интеллект жылында Қазақстан Республикасының «Жасанды интеллект туралы» Заңын іске асыру аясында кешенді жұмыстар жүргізілуде.

Кадрларды даярлау және ЖИ-құзыреттерін дамыту бағытында

2025 жылы профессор-оқытушылар құрамынан 196 адам Coursea халықаралық онлайн-платформасында оқудан өтті. Білім алушыларды оқыту Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі белген 200 лицензия шеңберінде жүзеге асырылды. Сонымен қатар профессор-оқытушылар құрамы мен университет әкімшілігі университетшілік біліктілікті арттыру курстарынан, сондай-ақ университеттен тыс оқу бағдарламаларынан өтті.

Осы кезеңде профессор-оқытушылар құрамы, әкімшілік-басқару персоналы және білім алушылар Astana Hub платформасында жасанды интеллект бағыттары бойынша оқудан өтті, курстарды аяқтағандардың көрсеткіші 100 пайызды құрды.

ЖИ-жобаларды және цифрлық шешімдерді іске асыру бағытында

Университетте жасанды интеллект технологияларына негізделген жобалар іске асырылуда және апробациядан өткізілуде:

«Виртуалды пациент» ЖИ-агенті — клиникалық жағдайларды симуляциялау, диагностикалық және емдеу алгоритмдерін пысықтау, сондай-ақ білім алушылардың клиникалық ойлауын дамыту үшін қолданылады. Аталған ЖИ-агент сценарийлерді, жауаптар мен ұсынымдарды қалыптастырады, алайда оқытушының клиникалық шешімін алмастырмайды және білімді қорытынды бағалау үшін пайдаланылмайды.

«Admin AI (Bell-Curve)» ЖИ-агенті — білім беру деректерін талдау, оқу үлгерімін монито-

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ҮЙІРМЕСІ АШЫЛДЫ

Абай облысында ұлттық ойындарды насихаттауға бағытталған жобалардың бірі - «Абайдың зияткерлік ізімен» тоғызқұмалақ үйірмесі өз жұмысын бастады. Тоғызқұмалақ үйірмесі Абай облысының Қоғамдық келісім орталығы мен өңірлік тоғызқұмалақ федерациясының бастамасымен ашылды.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tanu»



Үйірменің ашылу рәсімі облыстық Достық үйінде өтті. Іс-шара Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан халқы Ассамблеясын 2030 жылға дейін дамыту тұжырымдамасында көрсетілген жастардың ой-өрісін кеңейту және қоғамдық келісімді нығайту міндеттері аясында ұйымдастырылды. Үйірменің жұмысын тоғызқұмалақпен 2000 жылдан бері айналысып келе жатқан тәжірибелі жаттықтырушы Леонид Парфиев жүргізбек. Аталған жоба жастардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға, ұлттық мәдени мұраны дәріптеуге және қоғамдық келісімді нығайтуға бағытталған. Үйірменің ашылу салтанатына Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, Ассамблея жастары, сондай-ақ өңірдегі этномәдени бірлестіктердің белсенді өкілдері қатысты. Бұл өз кезегінде түрлі этнос өкілдері арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты арттыруға ықпал ететіні сөзсіз.

Біз Қоғамдық келісім орталығы – облыстық Достық үйі жанынан «Абайдың зияткерлік ізімен» атты тоғызқұмалақ үйірмесінің жұмысын бастап отырмыз. Бұл 2025 жылдың 29 желтоқсанында жастардың интеллектуалды зияткерлігін арттыру мақсатында Мемлекет басшысының Жарлығымен бекітілген Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлігіміз араландықта» 2030 жылға дейінгі даму тұжырымдамасында осы идея қозғалған болатын. Тоғызқұмалақ Абай атамyzдың сүйікті ойындарының бірі болғандықтан бізміздің облысымызда осы бастаманы қолға алып отырмыз. Іс-шараға этномәдени бірлестіктер мен өзіміздің әлеуметтік серіктестерімізді шақырдық. Үйірме алдағы уақытта өз жұмысын жүйелі түрде жүргізетін болады, - дейді ұйымдастырушылар.

Жалпы, тоғызқұмалақ ойыны – қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұрасының ажырамас бөлігі. Логикалық ойлау мен стратегиялық шешім қабылдауды талап ететін бұл ұлттық ойынға жылдан-жалға жастардың қызығушылығы артып келеді. Тоғызқұмалақ адал бәсекені дәріптеп қана қоймай, жастардың бір-бірімен жақын араласып, ортақ іске ұйысуына мүмкіндік береді.

Үйірме сабақтарында қатысушылар тоғызқұмалақтың шығу тарихымен, ойынның теориялық негіздерімен танысып, өз шеберліктерін шындай түседі. Сонымен қатар қатысушылар арасында тәжірибе алмасу мен зияткерлік сайыстар өткізу де жоспарланған.

Жаңа үйірменің ашылуы – ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен жас ұрпақтың зияткерлік әлеуетін арттыру жолындағы үлкен бастамалардың бірі. Ұлттық ойындар арқылы жастардың ой-өрісін кеңейтіп, рухани байлығын арттыру - өңірде жүзеге асырылып жатқан жүйелі жұмыстардың бір бағыты.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Семейский Олово Литейный Завод» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2026 жылғы 2 наурызда сағат 11:00-де келесі жобалар бойынша: Рұқсат етілген шығарындылар нормативтері жобасы (РЕШ); Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭБ); Қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ); Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары (ІЖЖ), ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА, «Қоршаған ортаны қорғау» аталған жобалар 2026–2035 жылдарға арналған «Семейский Олово Литейный Завод» ЖШС Қоғамдық тыңдау Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Гастелло көшесі, 1 А мекенжайында өтеді.

Жоба құжаттамаларымен Қоршаған ортаның жай-күйі және табиғи ресурстар жөніндегі ұлттық деректер банкі ақпараттық жүйесінде танысуға болады: <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ ЖАО

сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat/?lang=ru> Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады. Олар Қоршаған ортаның жағдайы мен табиғи ресурстардың ұлттық деректер банкінің ақпараттық жүйесінде <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында, сондай-ақ электрондық пошта арқылы — uprigp.abay@akimatabai.gov.kz мекенжайында қабылданады.

Бейнеконференция арқылы қосылу сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/84156506511?pwd=bGQUZOWkFA0orp0xES68jdZsXlgXQN.1> Конференция идентификаторы: 841 5650 6511 Кіру коды: g7aWWW Қосымша ақпарат алу үшін: ҚР, Абай облысы, Семей қаласы, Өуезов даңғылы, 42, Тел.: 87777901771, эл. мекен-жайы: gus17@mail.ru Қоғамдық тыңдауға қатысу үшін жеке куәлікті өзіңізбен бірге алып келуіңіз қажет.